


Балаларға арналған Киелі кітап ұсынады

Адасқан ұл



Мәтінін жазған: Edward Hughes


Суретін салған: Lazarus
Alastair Paterson

Бейімдеген: Ruth Klassen, Sarah S.

Қазақ тіліне аударған: Raikhan Esimkhankyzy

Шығарушы: Bible for Children
www.M1914.org

©2023 Bible for Children, Inc.
Лицензия: сатуға тыйм салынған, көшірме жасауға
немесе басып шығаруға рұқсат етілген.



Иса адамдарға Құдайдың кешірімі жайында айтқанды жақсы көретін, бірақ еврей басшылары оның күнәкарлармен достығына шағымданды. Сонымен Иса күнәлары өздерінің күнәлары үшін өкінген кезде, Құдайдың бақытты болатынын көрсету үшін үш әңгіме айтып берді.

Бірінші әңгіме жүз қойы бар адам жайлы еді. Біреуі адасып кетті. Қойшы тоқсан тоғыз қойын тастап, жоғалған қойын іздеуге бет алды.



3

Қойшы қойын тапқанша іздей берді. Содан ол оны иығына асып алып, қуанышты күйде үйіне алып келді. Ол өзінің достарына былай деді: «Менімен қуанышымды бөлісіндер, өйткені адасқан қойымды тауып алдым!»



4

Иса көкте бір ғана тәубе еткен күнәкарға қатысты үлкен қуаныш болатынын түсіндірді. Тәубе ету – демек өзінің күнәларына өкініп, олардан бас тарту – күнәдан құтылу үшін өкіну жеткілікті.




5

Исаның келесі әңгімесі он күміс теңгесі бар әйел туралы болды, мүмкін ол оның өмір бойы жинаған ақшасы шығар. Сұмдық жағдай болды. Ол өзінің бір күміс теңгесін жоғалтып алды.



6

Жинау! Тазалау! Жуу! Ханым үйдің бәрін карап шықты. Ақырында ол өзінің жоғалтқан теңгесін тауып алды. Ол өте бақытты болды. Оның не істегенін таба аласыз ба? Иә, ол барлық достарына әңгімелеп берді.




7

Иса тағы да: «Құдайдың періштелері теріс жолдан қайтқан күнәкарға қатты қуанады», – деді.



8

Иса айтқан үшінші әңгіме ең қайғылысы еді. Онда өзінің әкесінің үйін тастап кеткен бала туралы айтылады.



9

Алыс елде бала өзінің ақшасын ақымақтықпен шашып жіберді. Ол енді не істей алар еді? Одан да жаманы аштық басталды. Бала аштықтан өліп қалуы мүмкін.



10

Аштықтан үмітсізденген бала шошқаларды бағушы ретінде жұмысқа орналасты. Бірақ оны ешкім тамақтандырмады. Ол шошқалардың жемін сүйсіне жер еді. Мүмкін ол солай еткен де болар! Ақыры бала есін жинады. «Үйде тіпті қызметшілер де жақсы тамақтанады», –деп ойлады ол.



11

«Мен үйге барам да, әкеме өзімнің күнәларыма өкінетінімді айтам. Мен оның ұлы деп аталуға лайық емеспін. Ол мені қызметші ретінде жалдап алар деп үміттенем».




12

Бала әлі де алыста келе жатқанда, әкесі оның жақындап келе жатқанын көріп қойды. Қуанышты әке өзінің қайта оралған ұлына жүгірді. Ол баланы сүйіп құшақтады.



13


«Әке, мен күнә жасадым. Мен сенің балаң болуға лайықты емеспін». Бала әкесінен өзін қызметші ретінде қабылдауын сұраған. Бірақ әкесі оның сөзін бөліп жіберді: «Менің ұлыма арнап ең жақсы шапан, аяқ киім мен жүзік алып келіңдер. Үлкен тойға дайындалыңдар».



14

Өте тамаша той болды, өйткені жоғалған ұл табылды.
Исаның бұл әңгімені айтқан себебі, ол Құдайдың

Өзіне күнәсына шын
жүректен өкініп келген
күнәкарларды қалай
сүйетінін көрсетеді.



15

Адасқан ұл

Құдайдың Сөзі –

Киелі кітаптан алынған әңгіме

Лұқа 15

"Мәнісі ашылғанда сөздерің нұрын шашады."
Забур 119:130

16

Киелі Кітаптағы бұл әңгіме бізді
жаратқан әрі Оны білгенімізді қалайтын
тамаша Құдайымыз жайында баяндайды.

Құдай біздің жаман істер істегенімізді біледі.
Ол мұны күнә деп атайды. Күнәнің жазасы - өлім.

Құдай бізді сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз Ұлын,
Исаны айқыш ағашта өліп, біздің құнымызды өтеу үшін жіберді.
Иса қайта тіріліп, көкке көтеріліп кетті. Енді Құдай біздің
күнәларымызды кешіре алады.

Егер сен күнәларыңнан арылғың келсе,
Құдайға былай де: Көктегі Құдай, Исаның мен үшін өліп,
қайта тірілгеніне сенемін. Мен енді жаңа өмірге ие болып,
кейін Сенімен мәңгі бірге болуым үшін менің өміріме келе гөр,
менің күнәларымды кешіре гөр. Сенің балаң болып, Сен үшін
өмір сүруіме көмектесе гөр. Амин. Жохан 3:16

Киелі Кітапты күнделікті оқып, Құдаймен тілдес.

18

СОҢЫ

45



60

17